

(монтмориллонит, бейделлит, нонтронит, сапонит және т.б.), каолинді (каолинит, галлуазит, накрит және т.б.) және гидрослюда (иллит, бравиазит және т.б.). Бұрғылау ерітіндісін дайындауда ең жақсы сапаны монтмориллонит және басқа бентонитті минералдар көрсететіні белгілі. Осылайша, 1 т бентонитті саздан 15 м³ жоғары сапалы бұрғылау сұйықтығын алуға болады,

бұл кезде орташа сапалы саздан 4-8 м³, ал төмен сапалы саздан 3 м³ аз алуға болады [22].

Кесте 1 – Бұрғылау сұйықтықтарының түрлері

| Бұрғылау ерітінді класы | Бұрғылау ерітінді түрлері |
|--|--|
| Сазды және борлы ерітінділердің жалпы тағайындалуы | <ol style="list-style-type: none"> 1. Табиғи тұщы және аз минералданған тұрақтандырылмаған 2. Орта және жоғары минералданған тұрақтандырылмаған 3. Табиғи тұщы және аз минералданған тұрақталған 4. Орта және жоғары минералданған тұрақталған 5. Көп жылдық тоң жыныстарға арналған ерітінділер 6. Карбонатты сазды |
| Арнайы тағайындалған сазды ерітінділер | <ol style="list-style-type: none"> 7. Әктасты 8. Гипсті 9. Аз силикатты 10. Калийлі 11. Хлоркальцийлі 12. Глицеринді 13. Аз сазды 14. Диспергирлеуші аз сазды |
| Сазсыз | <ol style="list-style-type: none"> 15. Диспергирленбейтін 16. Полимер тұзды 17. Электролит ерітіндісі (тұздар) 18. Тұздардың гидрогелі 19. Су |
| Көмірсутек негізіндегі ерітінділер | <ol style="list-style-type: none"> 20. Әктас-битумды 21. Инвертты эмульсия |
| Газ тәрізді | <ol style="list-style-type: none"> 22. Аэрирленген, ауа 23. Көбік |

Сазды ерітінділер ұңғыма қабырғасында жұқа тығыз қабыршық түзеді, ол қабаттан сүзіндінің енуіне кедергі болады [23]. Оның тығыздығы және тұтқырлығы бұрғылау уақытша тоқтауы кезінде бұрғыланған қалдықтарды түбіне шөктірмей ұстап тұрады. Ауырлатылған бұрғылау сұйықтықтары